

КСРО Жоғарғы Соты Пленумының "Өнеркәсіп орындарынан сапасы төмен, стандартқа сай келмейтін немесе комплектісіз өнім шығарғаны үшін және мұндай товарларды сауда кәсіпорындарында сатуға шығарғаны үшін жауаптылық туралы заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы" 1985-жылғы 5-сәуірдегі N 1 қаулысын республика соттарының орындауы туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумы 1988 жылғы 25 наурыз N 1. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 27 Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 27 Нормативтік қаулысымен.

Өнеркәсіп кәсіпорындарынан сапасы төмен, стандартқа сай келмейтін немесе комплектісіз өнім шығарғаны және біле тұра сапасы төмен товарларды сатқаны туралы істер жөніндегі сот практикасын жинақтап қорыту нәтижелерін талқылай келіп, Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Пленумы мыналарды атап көрсетеді:

СССР Жоғарғы Соты Пленумының жоғарыда аталған қаулысында баяндалған түсініктемелерді басшылыққа ала отырып, соттар бұл категориядағы істерді негізінен дұрыс қарайды.

Сонымен бірге соттардың жұмысында кемшіліктер мен қателіктер де бар. Қылмыстық кодекстің 152-статьясында көзделген қылмыстардың субъектісі болып табылмайтын адамдарды сапасы төмен өнім шығарғаны үшін соттауға жол беріледі. Кейбір соттар қылмыстың аяқталған сәтін дұрыс анықтамайды да, өнім шығару деп сапасы төмен өнім әзірлеу фактісінің өзін, яғни завод ішінде ақау болған жағдайды ғана түсінеді. Сапасы төмен өнім шығарудан келтірілген материалдық залалды толық өтеуге шаралар қолданылмайды.

Сапасы төмен өкім шығару және сапасы төмен товарлар сату фактілерін жою мақсатындағы алдын алу - профилактикалық құралдар нашар пайдаланылады.

Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Пленумы

Қаулы етеді:

1. Өнеркәсіп кәсіпорындарынан сапасы төмен, стандартқа сай келмейтін немесе комплектісіз өнім шығару, сондай-ақ сапасы төмен товарларды сату экономикаға елеулі нұқсан келтіріп, тұтынушылардың заңды праволары мен мүдделерін бұзатынына соттардың назары аударылсын, сондықтан бұл право бұзушылыққа қарсы күресті күшейту, праволық нормаларды, ССР Жоғарғы Соты Пленумының басшы түсініктемелерін қатаң сақтау шаруашылық

катынастар өнім сапасын арттыру шарттарының бірі болып табылатынына соттардың назары аударылсын.

2. Қылмыстық кодекстің 152-статьясындағы өнеркәсіп кәсіпорындары деп дербес шаруашылық единицаларын (кәсіпорын, бірлестік, комбинат және басқалары) ғана емес, сонымен бірге олардың аяқталған өндірістік циклі бар, өнім шығару правосымен пайдаланатын құрылымдық бөлімшелерін де ұғыну керек екендігі соттарға түсіндірілсін. Өнеркәсіптік сипаттағы өнім өндіретін және дербес өнім шығару правосы бар құрылыс, сауда ұйымдарының, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының, колхоздың, совхоздардың бөлімшелерін (заводтар, цехтар, бөлімдер), сондай-ақ халық тұтынатын товарлар жасап шығаратын не табиғи байлықтарды өндіретін және өңдейтін кәсіпорындарды да өнеркәсіп кәсіпорындары деп есептеу керек.

Үйлер мен ғимараттар салуды жүзеге асыратын құрылыс ұйымдары, ауыл шаруашылық өнімдерін өсіретін, не машиналарды, механизмдерді, тұрмыстық техниканы жөндейтін кәсіпорындар өнеркәсіп кәсіпорындарына жатпайды, өйткені сапасы төмен құрылыс және сапасы төмен жөндеу жұмыстары үшін арнаулы праволық нормалар бойынша жауаптылық белгіленген (Қылмыстық кодекстің 153, 154-статьялары).

3. Заңның мәні бойынша тұтынушыға (алушыға) берілген немесе жіберілген өнім ғана емес, сондай-ақ кәсіпорынның техникалық бақылау бөлімі қабылдаған және оның сапасын куәландыратын документ рәсімделіп, дайындаушының қоймасында жатқан өнім де шығарылған өнім деп есептеледі. Мұндай документтердің қатарына техникалық паспорт, сертификат, сапа туралы куәлік, техникалық бақылау бөлімінің штампы және т.б. жатады.

4. Қылмыстық кодекстің 152-статьясында көзделген қылмыс субъектісінің тізбесі тұжырымды болып табылады және кеңейтіп талқылауға жатпайды. СССР Министрлер Советінің 1986-жылғы 12-майдағы N 542 қаулысымен бекітілген бірлестіктер мен кәсіпорындардағы өнімді Мемлекеттік қабылдау туралы ережеге сәйкес мемлекеттік қабылдауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар қабылданған өнімнің сапасы үшін заңда белгіленген тәртіппен жауапты болады. Мұндай адамдардың сапасы төмен, стандартқа сай келмейтін немесе комплектісіз өнімді қабылдауымен сипатталатын іс-әрекеті, егер бұл мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерге не азаматтардың праволары мен заң қорғайтын мүдделеріне елеулі зиян келтірген ретте, қызмет бабын пайдаланып қиянат жасау немесе салақтық ретінде Қылмыстық Кодекстің 143 немесе 145-статьялары бойынша квалификациялануы мүмкін.

5. Директорға, бас инженерге, техникалық бақылау бөлімінің бастығына немесе олардың қызметін атқаратын адамдарға сапасы төмен, стандартқа сай келмейтін немесе комплектісіз өнімді қасақана шығаруға жәрдемдескен

адамдардың іс-әрекеті Қылмыстық кодекстің 17 және 152-статьялары бойынша қылмысқа қатысу ретінде квалификациялануға тиіс.

Сапасы төмен, комплектісіз немесе стандартқа сай келмейтін өнім шығаруға емес, тек қана сондай өнім әзірлеуге (завод ішіндегі ақау) кінәлі лауазымды адамдардың іс-әрекеті, оған негіз болған жағдайда, қызмет бабын пайдаланып қиянат жасауды немесе салақтықты құрайды.

Сапасы төмен өнімді тікелей дайындаушы лауазымды адам емес қызметкердің жауаптылығы еңбек заңдарының нормалары бойынша белгіленеді.

6. Өнеркәсіптік өнім деп тану үшін бұл өнім сериялы түрде, жаппай немесе шағын топпен шығарылуы міндетті емес. Сонымен бірге көрме үшін үлгі, экспонат ретінде әзірленген заттар, өндіріс үшін игерілетін өнімдер мен бұйымдардың тәжірибелік топтары, өнеркәсіптік өнім болып табылады.

7. СССР Жоғарғы Соты Пленумының аталған қаулысының 4-тармағында баяндалған түсініктемелерге сәйкес, сапасы төмен, стандартқа сай келмейтін немесе комплектісіз өнім, басқа кәсіпорындар жеткізіп берген сапасы төмен, стандартқа сай келмейтін шикізатты, материалдарды немесе комплектілейтін бұйымдарды пайдалана отырып әзірленген реттерде де, Қылмыстық кодекстің 152-статьясы бойынша жауаптылық пайда болады. Мұндай реттерде сот сапасыз шикізат пен материалдарды жеткізу фактілеріне жеке ұйғару шығару арқылы көңіл аударуы керек.

8. Мемлекеттік есепке қосып жазу, мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті талан-таражға салу және басқа да Қылмыстарға қоса сапасы төмен, стандартқа сай келмейтін, немесе комплектісіз өнім шығару, бірнеше қылмыс жасағандық ретінде квалификациялануға тиіс.

9. Сапасы төмен, стандартқа сай келмейтін немесе комплектісіз өнім шығарған кінәлі адамның іс-әрекеті, олар қылмысты қасақана немесе абайсызда жасалғанына қарамастан қылмыстық кодекстің 152-статьясы бойынша квалификациялануға тиіс және Қылмыстық кодекстің 143 және 145-статьялары бойынша қосымша квалификациялауды талап етпейді.

10. Сауда кәсіпорындарының бөлшек сауданы жүзеге асыратын қызметкерлері, олардың ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, Қылмыстық кодекстің 167-статьясында көзделген қылмыстың субъектісі болып табылады.

11. Сапасы төмен товарларды сатқаны үшін жауапкершілік, заң айыпты адамның товарлардың тиісті сапасы жөнінде алдын ала хабардар болуымен байланыстыратын болғандықтан, бұл қылмыс тек қана қасақана жасалуы мүмкін.

Өзінің қызмет міндеттерін селқос немесе ықылассыз орындауы салдарынан сапасы төмен, стандартқа сай келмейтін немесе комплектісіз товарлар сатуға жол берген, сол арқылы мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерге, не азаматтардың

заң қорғайтын мүдделеріне елеулі зиян келтірген лауазымды адамдардың іс-әрекеті қылмыстық кодекстің 145-статьясы бойынша квалификациялануға тиіс

12. Сауда кәсіпорнынан біле тұра сапасы төмен товарларды сатқан ретте "ірі мөлшердің" бар екендігі туралы мәселені шешкен кезде, соттар СССР Жоғарғы Соты Пленумының жоғарыда аталған қаулысының 13-тармағында баяндалған түсініктемеге сәйкес сатылған товарлардың жалпы санын, олардың бағасын және сатып алушыға келтірілген залалдың мөлшерін негізге алуы қажет.

13. Біле тұра сапасы төмен товарларды ұдайы сату деп - мұндай товарды кем дегенде үш рет сатуды түсіну керек.

14. Істерді қараған кезде, соттар сапасы төмен, стандартқа сай келмейтін немесе комплектісіз өнім шығарудан келтірілген материалдық залалды толық көлемде анықтауы қажет. Мұндай өнім шығаруға байланысты залал келтіргені туралы дәлелдемелерге жеткізіп беруші кәсіпорынның ақаулы өнім бергені үшін штрафты, тасымалдау жөніндегі шығындарды, тиеу-түсіру жұмыстарының құнын, жарамсыз өнімді қайта өңдеуге, экспертиза жасауға байланысты шығындарды төлегені туралы документтер, сапасы төмен өнім жеткізілген жерде шақырылған адамдарға командировкаға жұмсалған қаржылары және т.б. жатады. Азаматтық ақы талабы Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 295-статьясына сәйкес айыптау үкімін шығарған кезде мәніне қарай шешілуге: толық немесе ішінара қанағаттандырылуға немесе қанағаттандырылмауға тиіс. 15. Соттар әрбір іс бойынша сапасы төмен өнім шығаруға және сатуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтауы, оларға жеке ұйғару шығару арқылы көңіл бөлуі, олардың дер кезінде орындалуына және солар бойынша қолданылатын шаралардың пәрменділігіне қатаң бақылау орнатуы, сот процестерінің нәтижелерін баспасөзде жариялап, радио мен телевизия арқылы хабарлауы қажет